

Өмірді жеңілдететін өнертабыстар

Терең тұңғиықтың жетегінде кетіп бара жатырмын. Құдды бір басқа әлемде жүргендеймін. Айналамда бөгде жандар. Оларды қалай атасам екен?! Өз көзіме өзім сене алар емеспін, балалық шағымда ақ қағазға бейнелеп, теледидардан көрген ғажап роботтар жанымда жүр. Кеше ғана астымыздағы тұлпарымыз болған көліктер аспанда қалықтап ұшып бара жатыр. Бәрінен бұрын көңілімнен шыққаны - бұл жерден кезіндегі зауыттар мен ғимараттардағыдай тоқтаусыз бөлініп жатқан түтіндер мен қалдықтардың біреуін де көрмедім. Қуанышымда шек жоқ, біздің жоба ретінде ұсынып әрі байқауларда қорғап жүрген баламалы энергия көздерін қолдану технологиясы толықтай жүзеге асқан. Көкпен таласқан зәулім-зәулім ғимараттардың үстінде орналасқан панельдер мені таң қалдырмай қоймады. Әйтсе де, бұл жерде мен үшін бейне бір орын жоқтай көрінді... Бәрі өз гаджеттерімен бөлек әлемде жүр... Осылайша, айналамды толық танып, көзімді ашып-жұмғанша, ұялы телефоным мені тәтті ұйқымнан бөліп, оятып жіберді. Өттеген-ай, бұл ғажайып ертегі жай ғана түсім болғаны ма? Өзімді кемел келешегімізде саяхат жасап, үлкен бір биікті бағындырып келген жандай сезініп отырмын. Кеше кинотеатрға баруға мүмкіндігім болмағандықтан, ноутбугым арқылы инновациялық даму туралы фильм көрген болатынымын. Содан болар, осындай шытырманды түс көргенім...

Жайдарлы жексенбі. Күлімдеп шуағын шашып тұрған күн жүрегіңе еріксіз жылулық сезімін ұялатады. Бүгін - мен үшін көптен күткен көңілді күн! Себебі, менің бір апта бұрын ғаламтор арқылы шетелден тапсырыс берген затым келеді. Сонымен қатар, мен бұл демалысымды тиімді әрі қызықты өткіземін деп шештім. Ал менің бұл шешімді қабылдауыма ұялы телефоным өз септігін тигізді. Бірнеше күн бұрын инстаграм желісінде отырып, өзгелердің қалай жан-жақты дамып жатқанын көріп өзіме үлкен шабыт алдым. Алаулап жанып тұрған құлшыныс жетегінде демалыс күнімді алдын-ала жоспарлап қойғанмын. Енді оларды орындайтын сәт те келіп жетті. Қимастықпен төсегімнен тұрдым да, өзімді ретке келтірдім. Кейін киімдерімді кір жуғыш машинаға салып жібердім де, өзге шаруалармен айналысуға кірісіп кеттім. Осындай сәтте өзімнің ғылыми төңкеріс дәуірінде өмір сүріп жатқаныма қуанамын! Қарапайым ғана мысалдың өзіне қараңызшы, кір жуғыш машинасының арқасында мен уақытымды үнемдеп қана қоймай, одан да басқа маңызды істерге көңіл бөле аламын. Сонымен қатар, киімдерді тазалау физикалық тұрғыдан да көп

күшті талап етеді. Осы аптада ғылыми жобалар арасында өтетін конкурс бойынша өзге қалаға сапар шегіп келгенмін.Ыбырай атам айтпақшы «адамды құстай ұшырған» қанаты талмас ұшақтың болғаны қандай жақсы десеңші! Үйде отырып,ғаламтор арқылы авиабилеттер сатып алуына әрі дiттеген жерiңе көзді ашып-жұмғанша жетуге болады. Біраз уақыт мектепте болмай,оқу бағдарламасымен таныс болмағандықтан, мен ұстаздарыммен Skype арқылы тiлдесiп, өтiлмеген тақырыптарымды бiрден түсiнiп алдым.Содан соң, смартфонымдағы арнайы қосымша арқылы түскi асқа тапсырыс берiп, тамақтанып үлгердiм. Осылайша,сабағымды оқып, үй шаруасын жылдам атқарып болғаннан соң, мен ғаламтор желiсi арқылы ақпарат алып, алдын-ала тiркелген тренингке қатысуға жол тарттым.

Мiнекей, адамның күнделiктi өткiзген бiр күнiнiң өзiнде заманауи өнертабыстардың қоғам өмiрiне тамырлап енiп жатқанын көруiмiзге болады.Мен бұл үдерiстi «адамдарды бiр-бiрiнен алыстатып, дайын асқа тiк қасық ететiн» емес, керiсiнше «өмiрiмiздi жеңiлдететiн» жарқын бастама дер едiм. Уақыт өте келе, көпшiлiк қауым ақылды технологиялардың күдiретi туралы молырақ танып-бiлiп қана қоймай, оларды саналы түрде пайдалануға көштi. Халық арасында «түрлi технологиялық құрылғылар мен таңғажайып гаджеттер адамдарды бiр-бiрiнен алыстатып,оларды виртуалды әлемге аттандырады» деген жағымсыз пiкiр де жиi кездеседi. Десе де, бiз бәсекелестiкке қабiлеттiлiгiмiздi арттырып, жан-жақты дамуға тиiспiз. Егер санамызбен барлық жақсы нәрселердi ғана ойлап, көзiмiзбен ғаламның бар кереметiн көруге ұмтылсақ, бәрi басқаша болар едi. Мәселен,қазiргi таңда уақыт зымырап өтiп жатқаны соншалық, әрбiр минутың санаулы. Ал адамзат көштен қалмас үшiн, барлық өзгерiстерге бойын үйретiп, өзiн сан саладан дамытып,тексерiп көруi тиiс. Ал бұл iсте бiзге инновациялық технологиялар көмекке келедi.Көптеген адамдар үй шаруасымен айналысамын деп, жақындарымен жиi кездесiп, тiлдесуге және қажеттi iстерiмен айналысуға уақыт таба алмайды.Адамзаттың өзi жарық сыйлаған өнертабыстар бұл қиындықта таптырмас шешiм бола алады!

«Кеңiстiк пен уақытты,
Жеңген қандай бақытты.

Заман соған соғады,

Даңқ деген тақытты»,-деп Мұзафар Әлiмбаев айтып кеткендей, «уақыт» атты арғымақтың мықты шабандозы болу - бiздiң бiлiмдi де жасампаз жастар ретiндегi мiндетiмiз!

«...Адамды құстай ұшырды;
Мал iстейтiн жұмысты
От пен суға түсiрдi;

Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,

Дүниені кезді жалықпай»,- деп жырлап, халқына қатарының алысқа кетіп қалғанын ескертіп, алға қарай нық қадам басуға шақырған Ыбырай Алтынсарин XIX ғасырда-ақ технологиялардың адам өмірінде алар орнын білген әрі бұл үрдісті қолдаған. «Мың шақырым жерлерге күн жарымда барғызуға» мүмкіндік беретін темір тұлпарлар мен әлемді еш кедергісіз шарлап, өмірдің түрлі-түсті дәмін татуға қайталанбас мүмкіндік беретін ғаламтор желілері мен қоғамның ажырамас бөлігі саналатын өнертабыстар біздің әлемге ерекше серпіліс берді. Бұл серпіннің арқасында еліміз өзге елдермен нық тірестіріп, тұрақты байланыс орнатты. Ал, жастар ғаламтор желілері арқылы дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, әлемді жаңа қырынан танып, өмірлерін де түбегейлі өзгертуде.

«Алға тартқан озады, кейін кеткен тозады»,-деп елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтып кеткендей, біз өмірімізді жеңілдететін өнертабыстарды адамзаттың айтулы жетістігі ретінде қабылдап, қоғамның алға қарай сәтті қадам басуына сүбелі үлесімізді қосуымыз қажет! Дамыған технологиялар- бұл ертегі емес, біздің бүгінгі өміріміз. Өнертабыстар - кемел келешегіміздің кілті!